

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы		K044-40/19-2020
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ		13 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ медицина колледжі

«Фармацевтикалық тауартану» пәні бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

№14 тақырып: «Дәріханалық нарықты маркетингтік зерттеу. Фармацевтикалық ұйым қызметін маркетингтік жоспарлау. Дәріханалық желіде тауартану операциясы. Фальсификация. Тауарлардың бәсекелестікке қабілеттілігі»

Мамандығы: 0306000-Фармация

Курсы: 3

Семестрі: 5

Құрастырушы: Баркизатова Г.Б.

Шымкент, 2020

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы		K044-40/19-2020
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ		13 беттің 2 беті

Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасының мәжілісінде қаралып, бекітілді.

Хаттама № «19» «25» 05 2020 ж.

Каф. мен., фарм.ғ.д., профессор  — Шертаева К.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы		K044-40/19-2020
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ		13 беттің 3 беті

1. Сабақтың тақырыбы: Дәріханалық нарықты маркетингтік зерттеу. Фармацевтикалық ұйым қызметін маркетингтік жоспарлау. Дәріханалық желіде тауартану операциясы. Фальсификация. Тауарлардың бәсекелестікке қабілеттілігі.

2. Сағат саны: 2 сағат

3. Сабақ түрі: тәжірибелік

4. Сабақтың мақсаты:

- **Оқыту:** оқушыларды фармацевтикалық тауарлардың сапасы мен бақылау тәсілдерімен таныстыру
- **Тәрбиелік:** оқушылардың фармация мамандығын меңгеруде фармацевтикалық тауартануды білуі халыққа фармацевтикалық көмек көрсетуде дұрыс патриоттық сезімін қалыптастыру
- **Дамыту:** фармацевтикалық тауартану тұрғындарды медициналық және дәрілік заттар көмегін көрсетуді ұйымдастыруды жаңа фармацевтикалық концепциясы барысында дамыту.

5. Оқыту әдісі: семинар, презентация

6. Материалды-техникалық жабдықталуы.

- а) техникалық құралдар: компьютерлер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: студенттерге арналған нұсқаулық, мультимедиялық қамсыздандыру
- б) оқыту орны: 217 аудитория

7. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Шертаева К.Д. Жанбырбаева А.Д. «Медициналық және Фармацевтикалық тауартану». Шымкент, 2011;
2. Васнецова О.А. Медицинское и фармацевтическое товароведение - Практикум М.: Изд. Группа «ГЭОТАР - медиа» 2005-704 с.
3. Умаров С.З. и др. Медицинское и фармацевтическое товароведение: Учебник/ - М.: ГЭОТАР – Мед. 2004-368 с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАҰ	K044-40/19-2020 13 беттің 4 беті

Қосымша:

1. Сборник законодательных и нормативно-правовых актов, регулирующих фармацевтическую деятельность в Республике Казахстан. Под.ред. Махатова Б.К. – Шымкент. -2005. –246 с.

8. Ұйымдастыру кезеңі: 11 мин 6%

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру
 Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
 Сабақтың мақсаты мен міндеті.

9. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 27мин 15%

10. Жаңа сабақты түсіндіру: 54мин 30%

11. Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 63мин 35%

12. Жаңа тақырыпты бекіту: 18мин 10%

13. Сабақты қорытындылау: 3,5мин 2%

14. Үйге тапсырма беру: 3,5мин 2%

АҚПАРАТТЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ БЛОК

Нарықтың реттейтін ролі, звено ретінде өте қатаң.

Мысалы: тауарлардың сапасына көп көңіл бөлмейтін мекемелерді нарық жояды.

Халықаралық қатынаста «сапа» деген ұғым объектің бекітілген және болжамдалатын қажеттіліктерін қанағат ететін мінездемелерінің жиынтығы болып табылады.

Өнім сапасы – тауардың белгіленуіне байланысты белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру және тағы басқа қасиеттерінің жиынтығы.

Дәрілік заттардың сапасы-дәрілік заттардың сапасының мемлекеттік стандартына дәрілік заттардың сай келуі.

Дәрілік заттардың сапасына қойылатын талаптары бар құжаттар фармакопоялық статьялар, мекеменің фармакопоялық статьялары, мемлекеттік және салалық стандарттар, техникалық жағдайлар және тағы басқалар жатады.

Тауартанудың негізгі мақсаты болып: фармацевтикалық тауарды өндірушіден тұтынушыға дейінгі физикалық жылжу процесі кезінде керекті сапамен қамтамасыз етуде екі топ факторлары қатысады: сапаны құрайтын және сапаны сақтайтын.

Бірінші топ факторларына: шығару сапасы, проектилеу және дайындау жатады. Соның ішінде дайындалуға құрал жабдықтардың және инструменттердің, жұмысшылар еңбегінің, өндіріс технологиясын сақтау, GMP. GLP ережелері жататын НТҚ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 5 беті

Технологиялық тауартанулық әдістерді қолдану нәтижесі фармацевтикалық тауарлардың сапасын сақтайтын факторы болып табылады.

Сақтайтын факторларға: мөлшерлеу, орамдау және сақтау жатады:

екіншілік буып-түю - оған картонды будалар полимерлі пленкадан немесе алюминий фольгасынан жасалған бумалар, пакеттер, қағаз қаптар және т.б. жатады.

Тасымалдық- буып-түю қораптар, жәшіктер, қаптар, контейнерлер жатады.

Ыдыс пен буып-түюге қойылатын жалпы талаптар:

1. күнделікті қолдануға әрі тұрақты болу керек.
2. алигнин-оралуы қарапайым болуы керек.
3. сыртқы бетін тазалудың оңай болуы.
4. дәріні науқас қабылдас бұрын байқаусызда немесе кездейсоқ жабылып қалмауы керек.
5. дәрілердің физикалық және химиялық қасиеттерін өзгертпеуі керек.
6. жеткілікті мөлшерде берік және минимальды көлем мен салмаққа ие болуы керек.

Тығындаудың кең түрде қолданылатын және көп таралған түрлері мыналар:

1. бұралатын (навинчивающиеся) әр түрлі размерлі қақпақтар.
2. тығыздағыш элементтері бар тығындар.
3. флакондар мен банкаларға арналған дәріханалық қабықтан жасалған тығындар.
4. алюминий қақпақшалар мен (төсеніштер).
5. химико-лабораторлық ыдыстар мен дәріхананың ыдыстарды тығындауға арналған резина тығындар.

Буып-түю арнайы түрлері

1. компоненттерді жеке-жеке сақтауға арналған буып-түю (аралас-орау).
2. дәрілік заттарды орау. Көптеген дәрілік заттар сыртқы орта факторларына әсері тұрақсыз болып келеді. (ылғал,жарық,ауа).
3. дәрілік заттардың бір мөлшерде буылуы-буылудың бір түрінде дәрінің бір реттік мөлшерлері жеке-жеке болып, жеке түрде этикеткаланады.
4. буылып-түюлудің арнайы түрлері: балалар практикасына арналған.

Тауар сапасы-бірлігі қажеттіліктерді белгілі пайдалану ерекшілігіне сәйкес қанағаттандыру қабілетті. Бір сөзбен бұл-тұтыну бағасының шегі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 6 беті

Сапа-күрделі ұғым. Ол тұтыну бағасы сияқты екі түрге жіктеледі. Техникалық (материалды-заттық) және экономикалық (социалды-экономикалық).

Бір кездері техникалық сапа жоғары деңгейде болғанда, сол кездерде экономикалық сапа көрініс табады. Тауартануда сапаның дәл техникалық аспектісі зерттеу объектісі болып табылады. Сонда да экономикалық сапа ұмытылусыз емес, себебі қоғамды тауардың сапа деңгейіне жұмсалған шығындары қызықтырады. Егер шығынды есептемесе, өнімнің техникалық мәртебесі мен қолданудың экономикалық эффектісі арасында қарама-қайшылық тууы мүмкін. Өнімнің сапасын шексіз жоғарлатуға да төмендетуге де болмайды. Тауардың ең жоғары пайдалылығы қоғам мұқтаждықтарын еңбекті минималды түрде жұмсау арқылы қанағаттандырғанда болады. Тауар сапасының көрсеткішінің деңгейі -оптималды сапа болып табылады. Ол тұтынушы мен өндіруші мақсаттарын таңдай қарастырады. Сапаның оптималды деңгейі, уақытша көрініс және ол қажеттіліктің жоғарлау мен қоғамның даму мүмкіндігінің өсуіне қарай өседі.

Сапа өлшемді немесе көлеммен бағаланады. Сапаны көлеммен өлшеу күрделірек. Қазіргі кезде осы саланы қарастыратын арнайы пән «квалиметрия» оқытылады. Фармацевтика өндірісінде сапаның сандық анализін дамыту тәсілдерімен фармацевтикалық химия, ал сапаны оқытудың провизор-аналитик жүргізеді.

Тауардың сапа көрсеткіші- қасиеттердің сандық сипаты. Нормативті құжат тауар өндірісіндегі жалпы принциптер мен сипаттамаларын бекітеді. Сонымен қатар, тауар сапасының дәрежесі техникалық регламентте көрініс алады. Тауардың сапа дәрежесі мемлекеттік сапа стандартымен регламенттеледі (ГОСТ). Мемлекеттік сапа стандарты тауардың тұтынушылық қабілетінің деңгейі мен тізімінен тұрады.

Дәрілер туралы заңда айтылғанда, сапа –дәрілік заттардың мемлекеттік сапа стандартына сәйкес келуі.

Медицинадағы тауар түрлеріне қарағанда дәрілік заттардың сапа стандарты болып формакопепялық мақала саналады.

Бұл нормативті құжаттардың мазмұны мен жасалу реттілігі 4 модульде көрсетіледі.

Тауартануда сапа көрсеткіштерін келесі белгілер бойынша жіктейді:

1. сипатталатын қабілеттерінің саны бойынша: бірлік және комплексті.
2. өзін-өзі көрсету тәсілі бойынша: балл және бірлік түрінде.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 7 беті

3. анықтау тәсілі бойынша: органолептикалық, инструментальді, социологиялық және экспертті.

4. қолданылатын жеріне байланысты: өнім бірлігіне, біртекті өнім бірліктерін сәйкес.

5. анықтау кезеңінде, тұтыну кезеңінде.

Өнім сапасының көрсеткіштерінің номенклатурасын таңдау мемлекеттік стандарттарымен регламенттеледі.

Тауар сапасын басқару-медициналық және фармацевтикалық тауарлардың сапа дәрежесін оларды өндіруде, дайындауда, тасымалдауда, сатуда және қолдануда қаматамасыз ету, бекіту және қалыпты ұстау. Бұл сапаны бақылау арқылы және тауардың қолдану қасиеттерін бақылайтын факторларға әсер ету жүргізіледі.

Фармацияда тауар сапасын басқару тауар қозғалысының әр этапына халқаралық стандарт бекіту мен жасау арқылы жүргізіледі.

Фармацевтикалық тауарлардың қауіпсіздігі

Кез-келген тауардың қауіпсіздігі дегеніміз-оларды қолдану кезінде, сақтау барысында олар өздерінің қасиеттерін жоғалтпауы, кері әсер тигізбеуі болып табылады. ДСМ-НІҢ 02.12.97.ж. № 349/ «Фармацевтикалық ұйымдар арқылы тауарларды қорғау туралы» қаулысы қабылданды.

Фармацевтикалық тауарлардың қауіпсіздігін сақтау барысында өте көп көңіл аударылады:

- оларды қолдану барысында және сақтау барысында адам денсаулығына зиян еместігі.

- олардың кәзіргі кезде және болашақта қоршаған ортаға зиянды әсер көрсетпеуі.

Қолдану барысында төмендегі қауіпсіздік ережесін сақтау керек:

- организмге травматикалық әсер көрсетпеуі керек. (механикалық, электірлік, химиялық, ыстық)

- организмге әртүрлі зиянды заттарды бөлмеу (токсикологиялық, (улы) аллергиялық (организмді немесе оларды тітіркендіретін заттар) концерогенді (кәтерлі ісіктердің пайда болуына алып келетін заттар) мутациялық (геннің өзгеруіне алып келетін заттар)

- Қауіпті физикалық әсер етуші заттар (радикалық, дыбыстық, сәулелік ж.т.б.)

- Дәрілік заттың спецификалық кері әсері және қасиетіне байланысты қарсы көрсеткіштері.

- Дәрілік затқа үйренгіштік (наркомания, токсикомания)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы	K044-40/19-2020
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	13 беттің 8 беті

Экологиялық жақтан қауіпсіздікті сақтау-дәрілік заттардың қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі.

Оларға:

-қажетсіз заттардың қоршаған ортаға бөлінуі.

-дәрілік заттарды немесе субстанцияларды дайындау барысында улы газдардың бөлінуі.

Экологиялық сұрақтарға байланысты, медициналық тауарлар төмендегі жағдайларда қауіпсіз болуы керек:

-дайындау барысында

-тасымалдау

- қайта өңдеу

-қолдану

-қалдықтарды пайдалану кезінде.


Тауарлардың қауіпсіздігін мына үш системада қарастыру керек.

Адам-тауар – қоршаған орта яғни мұнда адамның тауарға қоршаған ортаға кері әсері болмауы, ол қоршаған ортаның бастапқы екі системаға кері әсері болмауы керек.

Осы талаптарға сай ФЗ-ның «Тұтынушының қорғау жайлы құқығы», «Дәрілік зат жайлы», «Тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» сонымен қатар ГОСТ және ФС-тың өндірістегі дәрілік заттардың сапасын бақылау және басқада нормативтік құжаттары дайындалған.

Қазіргі кездегі актуалді мәселенің бірі бұл дәрілік өсімдік шикі заттарының және биологиялық белсенді қоспалардың Ресей базарында әр жыл сайын өзгеруі және көбейюі.

Өкінішке орай Биологиялық белсенді қоспалардың көпшілігі өлім шығымын арттыруда. Себебі ББҚ-ларды дайындаған кезде жалпы стандартты әдістермен дайындамайды да, нәтижеде осындай сәйкессіздіктер пайда болады. ФЗ-дағы «Тағам өнімдерінің сапасымен қауіпсіздігі» деген тақырыбында 02.01.2000 ж №29/-ФЗ Биологиялық белсенді заттар тағам өнімдеріне қосылды. Дегенмен кәзіргі кезде ББҚ артуда. Дәріханадағы дәрігер дәрілік заттың жанама әсеріне көбірек көңіл бөлуі керек, қауіпсіздікті сақтауы сақтауы қажет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 9 беті

Сапасыз фармацевтикалық тауарлар.

Фармацевттер және медбикенің негізгі міндеті сапасыз тауарларды анықтай білуі керек, көптеген жағдайларда тұтынушылар дәріханаға немесе медбикеге мынандай шағымдармен келеді:

- қысым өлшегіш аспаптың дұрыс жұмыс істемеуі.
- грелкадан судың өтуі
- спринсовканың дұрыс тазартылмауы. ж.т.б.

Негізгі мақсат- дәрілік заттардың сапасыздығын анықтау аналитикалық лабораторияларда жүргізу болып табылады.

Көбіне дәрілік заттарда мынандай қателіктер жіберіледі:

- сипаттамасы
- сандық мөлшері
- микробиологиялық тазалық
- маркировка
- басқада қоспалар
- түсі және мөлдірлігі
- орамдалуы
- біртектілігі
- адсорбциялық қасиеті
- Рн-ортасы
- өзі екендігі
- стерильділігі ж.т.б.

Негізінен дәрілік заттардың саны бойынша:

бірінші орында :

таблеткалар, драже, гранулалар орын алады

екінші орында:

инъекцияға және инфузияға арналған дәрілік түрлер орын алады.

үшінші орында:

жағар майлар, пасталар, линименттер, суппозиторийлар орын алады.

Дәрілердің айналымын қиындататын жағдайлар:

- дәрілік заттарды өндірушілердің саны көп, олардың көпшілігі тіркеуден өткізілген, елдегі дәріханалық ұйымды орталықтандыру.
- өндірісті ұйымдастырудың жеткіліксіздігі.
- дәрілік заттарды дайындаудың өндірістік технологиясы дұрыс сақталмауы.
- санитарлық ережелерді дұрыс сақтамау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 10 беті

Дәріханалық жағдайда сапасыз тауар байқалған жағдайда. Оны Денсаулық сақтау органдарының арнаулы жазбаларымен сәйкестендіріп қарастырады, яғни мұнда «Фармацевтикалық вестник» және «Жаңа дәріхана» деген құралдарды пайдалана отырып, сапасыз болып шыққан тауарлардың атын, өндірушісін, номерін, сериясын ж.т.б. сол дәрі жайлы мәліметтерді анықтайды. Бұл жоғарыда айтылып өтілген іс-әрекеттердің барлығы фармацевт пен медбикенің негізгі міндеті болып табылады.

Медициналық тауарлардың фальсификаттаған түрлерінің мәселесі.

Фальсификация (латынша falsifco-жалған) тұтынушыны немесе сатып алушыны баю мақсатында жалған тауарды сату.

Фальсификацияны кең түрде қарастыруға болады, яғни бұл тауардың бір-екі қасиеті өзінде сақталған, бірақ қолданғанда сапасы төмен болып шығуы және тауардың санын көбейту мақсатында өндірілген жалған тауарлар деп түсінуге болады.

Өндірілген тауарлардың жалған екенін бірнеше қасиеттерінен білуге болады, олар төмендегілер:

1. ассортименттік (түріне қарап)
2. сапалық
3. сандық
4. құндық
5. информациялық

Жоғарыда айтылып өтілген тауарлардың фальсификациясына жеке тоқталатын болсақ олар төмендегіше:

Ассортименттік фальсификация (түріне қарап) –тауардың аты ғана өзгермей оның құрам бөлшектерін толығымен немесе жартылай басқа ұсақ орынбасарлары мен ауыстыру болып табылады.

Сапалық фальсификация-тауарларды олардың органолептикалық қасиетін жоғарлату мақсатында оларға тағамдық емес заттарды қосу, яғни тауарлардың жоғарғы сапалық қасиетін төмендету немесе жоғалту болып табылады.

Қазіргі кезде фальсификациялық жолмен Биологиялық қоспалар (ББК), сұйық, таблеткалық, дәрілік түрлер шығарылады.

Қайта сұрыптау- тұтынушыға тауарлардың төменгі сортын жоғарғы сортына ауыстырып беру, мысалы: II-сорттағы резеңкелі жылытқышының

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	K044-40/19-2020 13 беттің 11 беті

бағасымен сату болып табылады. Кейде тауардың сапасын көрсетпей оның бағасын төмендету.

Құндық фальсификация-тұтынушыға тауарды сатқанда төмен сапалы тауарды жоғарғы сападағы тауардың бағасымен тең бағада сату.

Сандық фальсификация – тұтынушыға тауарды сатқанда оның бірнеше параметрлерінің дұрыс болмауы, яғни салмағының, көлемінің, ұзындығының ж.т.б.

Тауар жайлы мәліметтер төмендегі жағдайларда толық және анық емес берілуі мүмкін.

- тауардың аты
- тауардың шығарылған жері
- өндіріп шығарған жері
- тауардың саны

Тауардың шығарылған жері көрсетілмейді немесе дұрыс емес көрсетіледі. Ресей базарына көптеген тауарлар шығарылған жері көрсетілмеген түрде келіп түседі.

Ондай тауарлармен қатаң түрде жұмыс істеу керек, өйткені олар сапасы жағынан стандартқа сай емес болуы мүмкін.

Кейде саудалық белгілермен фирмалық жалған болып шығады, бірақ олардың тауарлары сапалы болады. Ондай кезде тұтынушы ғана зиян шекпейді, өндіруші фирмаларда материалдық және моральдық зиян шегеді.

Ал егерде фирмалық сауда белгілері оригинал, ал тауарлары сапасыз болып шықса, тұтынушылардың сол тауарға деген сенімі жоғалады. Өндіріп шығарған фирмалардың авторлық құқығы заңменен қорғалады. «Тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі, өндірілген жердің атауы жайлы».

Фальсификациялық тауарлар сыртқы көзге тартымды болып көрінеді, бірақ тауардың өзі фальсификацияланған болып табылады. Соңғы кезде сертификаттарда жалған болып шығатын болған.

Дәрілік препараттардың фальсификациясы

XX-ғасырдың 2-ші жартысында қоғам өте үлкен дағдарысқа ұшырады. Бұл фармацевтикалық сауда орталықтарына фальсификациялық тауарлардың енуі. Мұнда дәрілерді науқастар пайдаланған соң, ол адам ағзасына кері әсер тигізуі мүмкін. Ең алғаш ВОЗ-ға 1982 ж. Фальсификациялық тауарлар келіп түсті. 1982-1999 жж. аралығында фальсификациялық тауарлардың 700-ге жуығы анықталды. Кәзіргі кезде бұл мәселемен белгілі дәрежеде күресіп жатыр. Көбіне фальсификацияланатын тауарлар фармацевтикалық тауарлар, әлгі жалған маркировкаланатын, шығарылған жері дұрыс көрсетілмеген тауарлар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ	К044-40/19-2020 13 беттің 12 беті

Біздің елімізде ең алғаш фальсификациялық тауарлар 1977 ж. анықталды. Ол қан ауыстырғыш Полиглюкин (Красфармда өндірілген. Ол тек ғана Ресейде ғана емес сонымен қатар Қазақстанда, Өзбекстанда да шығарылды. Қазіргі кезде фальсификациялық тауарлар барлық тауарлардың ішінде 5%-ті құрайды.

Фальсификациялық тауарлар төмендегіше болады:

- әсер етуші зат болмайды (этикаға қарамай алуға болмайды).
- құрамындағы әсер етуші зат көрсетілмейді.
- әсер етуші зат көрсетілсе, бірақ аз мөлшерде болады.
- құрамындағы әсер етуші заты, мөлшері, барлығы дұрыс бірақ, өндіріп шығарған фирма мен этикеткадағы фирма басқа болады.

Дәрілік заттарды фальсификациялау әдістері мен себептері:

- заң шығарушы базаның төмендігі
- дәрілік заттардың регламенттерімен жұмыс жасайтын ұлттық органдардың кадрлардың толық жетіспеуі
- фармацевтикалық саудада орталықтарында дәрілік препараттардың бірнеше этаптардан өтуі. Яғни айтқанда ортада делдалдардың көп болуы.
- коррупцияның болуы
- ұсыныстан сұраныстың көп болуы

Фальсификатталған тауарларды органолептикалық әдіспен анықтау:

Фальсификатталған тауарларды анықтаудың ең оңай әдісі бұл - тауарлардың сыртқы түрі, орамы, формасы, дозалануы ж.т.б.

- этикеткадағы текстің қателігі, бірінші орында препараттың аты, эмблемасы
- оригинал тауардың жалған тауардан өзгешелігі, этикеткасының форматында немесе формасында

Этикеткада терілген жазудың сапасы төмен болу және этикеткамен орамдалудың өзгеше болуы

Көбіне фармацевтикалық сауда орталықтарында мұндай фальсификатталған тауарларды анықтап алынады. Ондай жұмыстармен фармацевтикалық инспекторлар айналысады. Сонымен қатар медицина саласында жұмыс істейтін персоналдар бақылау жүргізетін аналитиктер.

Медициналық тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең тиімді әдісі, сол тауарлардың елімізде тіркелуі болып табылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы		K044-40/19-2020
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ		13 беттің 13 беті

15. Бақылау сұрақтары:

1. Тауарлар сапасының түсінігі
2. Медициналық техника сапасы және оның көрсеткіштері
3. Сапа көрсеткіштерінің жүйесі медициналық бұйымдар сапасын бағалау әдістері
4. Тауар сапасын басқару
5. Медициналық тауарлардың фальсификатталған түрлерінің нәтижесі